

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 9

2024 жылғы 21 қазан
сағат 15.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. Кәсіпкерлік саласындағы өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарды тиімсіз немесе таңдап мемлекеттік бақылау тауар нарықтарындағы бәсекелестікке әсері мәселесін талқылауды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі)

1.1. Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаментінің директоры А.Д. Тюлюбековтің жер ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелеріндегі бәсекелестікке қарсы әрекеттерге қатысты ақпараты назарға алынсын.

1.2. Электр энергетикасы және көмір басқармасының басшысы С.Р. Жүністің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты ақпараты назарға алынсын.

1.3. А.Ж. Бикебаевтың, Т. А. Одилловтың, А.Б. Бегдесеновтің, В. Н. Микрюковтың, И.Г. Абсалямовтың пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке:

1) Жер қойнауын пайдалану саласындағы ИИДМБ жобаларына қатысты Бас Прокуратураның соңғы тексеруінің қорытындыларын сұрату және бәсекелестікке әсері тұрғысынан қорытындылар мен қабылданған шараларға талдау жүргізу, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелеріне осы тексерудің қорытындыларын ұсыну мүмкіндігін қарауды (*қандай шаралар қабылданды және т.б.*).

2) Қоғамдық кеңестің кейінгі отырыстарында бәсекелестікті дамыту және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері тұрғысынан кәсіпкерлік саласындағы реттеу мен мемлекеттік бақылау практикасының біркелкілігі мақсатында шектеулі

ресурстарға қол жеткізу туралы мәліметтердің жариялылығының маңыздылығы мәселесін қарауды.

3) Сумен/жылумен/газбен/электрмен жабдықтау қызметтеріне тең емес тәсіл тұрғысынан қосылу кезіндегі техникалық шарттарға талдау жүргізу, жоғары және төмен талаптардың өлшемшарттарын айқындау және техникалық шарттарды (ЖАО сияқты) беру кезінде артық қатысушыларды алып тастау мүмкіндігін қарауды.

4) Заңнамаға сәйкес бенефициарларды көрсете отырып, конкурс өткізбестен жер учаскелерін беру бөлігінде Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларға (ӘКК) қатысты монополияға қарсы ден қою шаралары туралы ақпаратты қайта жария ету; талдау және олар бойынша жер учаскелерін алған құн мен нарықтық құн арасындағы айырманы өтеу талаптарын ұсыну мүмкіндігін қарауды.

4) Заңға сәйкес ашық қолжетімділікте орналастырылуы тиіс ақпаратты орналастырмағаны үшін жауапкершілікті белгілеу бөлігінде ӘҚБТК-ге өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауды (не тиісті мемлекеттік органға қайта жіберу).

5) Техникалық шарттарды алу үшін бос қуаттардың қолжетімділігі туралы ақпаратқа жария қол жеткізуді қамтамасыз ету жөнінде ұсынысқа бастамашылық жасауды ұсынды.

2. Бизнеске мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар, салықтық жеңілдіктер, банктерге мемлекеттік көмек және т.б.) талдау қорытындыларын қарау

2.1. Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаментінің директоры А.Д. Тюлюбековтің мемлекеттік қолдау шаралары мониторингінің қорытындыларына қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.2. Т.А. Одиловтың, О.А. Жандосовтың, А.Ж. Бикебаевтың, А.К. Жалкеевтің пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке:

1) Реформалар жөніндегі жоғары кеңес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысымен бекітілген Квазимемлекеттік секторды реформалауға сәйкес ведомстволық бағынысты қосалқы квазимемлекеттік ұйымдарды («QazTrade» ССДО» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ және т.б.) корпоративтік нысандарда қайта корпорациялау және оларды бәсекелестікті дамыту мақсаттары үшін кеңейтілген жедел басқарумен мемлекеттік мекемелер нысанына қайтару мәселесін қарауды.


2) Салық жеңілдіктеріне, банктерге мемлекеттік көмектің қорытындыларына, ірі нарық субъектілеріне субсидияларға назар аудара отырып, мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізуді.

3) Нарық субъектілеріне жанама әдістермен, оның ішінде темекі өндірісінің өнімдеріне ең төменгі бағаларды белгілеу арқылы мемлекеттік көмек көрсету мәселелерін қарауды ұсынды.

3. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін компаниялар қызметінің мониторинг нәтижелерін қарау және талқылау

3.1. Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаментінің директоры Ж.М. Ермағамбетовтің «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін компаниялар қызметінің мониторингі нәтижелеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

Төраға



А. Бикебаев